

## **2020-2023 жж.**

### **Қарағанды техникалық университеті «КеАҚ» басқармасы мен кәсіподақ ұйымы арасындағы ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ**

#### **6. ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР, ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ**

6.1. Жүктілікке және босануға, жана туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлем Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан бір рет, ал бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем ай сайын төленеді. «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін қажетті құжаттарды қабылдаған күннен бастап 4 жұмыс күні ішінде оларды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына береді.

6.2. Уақытша еңбекке қабілеттілігі бойынша әлеуметтік жәрдемақылар Қызметкерлерге еңбекке жарамсыздықтың бірінші күнінен бастап және еңбекке жарамсыздық парактарына сәйкес айқындалатын еңбекке жарамсыздығы қалпына келген күнге дейін немесе мүгедектік белгіленгенге дейін төленеді.

6.3. ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген еңбекке жарамсыздық парактары еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақылар төлеу үшін негіз болып табылады.

6.4. Еңбекке уақытша қабілетсіздік бойынша айлық жәрдемақының мөлшері он бес еселенген айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспауға тиіс. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысында және жалақысы сақталмайтын демалыста болған кезеңде еңбекке уақытша жарамсыздық басталған кезде жәрдемақы есептелмейді.

6.5. Жұмыс беруші Қызметкерлерді ҚР ЕК және ҚР басқа да заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда оларды мемлекеттік және қоғамдық міндеттерге тарту уақытында еңбек міндеттерін орындаудан босатады.

6.6. Донор болып табылатын Қызметкердің тексерілу және қан тапсыру уақытында жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақталады.

6.7. Іссапар уақытында Қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) мен іссапар күндеріне келетін жұмыс күндері үшін жалақысы сақталады.

6.8. Жұмыс беруші келесі әлеуметтік төлемдерді жүзеге асырады және келесі женілдіктерді ұсынады:

- қызметкер 55 (елу бес жасқа) - әйелдерге, 60 (алпыс жасқа), 70 (жетпіс жасқа), 80 (сексен жасқа) – әйелдер мен ерлерге жетken кезде, университеттегі жұмыс өтілі кезінде лауазымдық жалақысынан мынадай мөлшерде біржолғы сыйақы:

- 1 жастан 5 жасқа дейін – 40 % -ға дейін;
- 5 жылдан 10 жылға дейін – 50 % -ға дейін;
- 10 жылдан жоғары-100-ге % -ға дейін;

- Қызметкердің отбасы мүшелері (ата-аналар, ерлі-зайыптылар, балалар) қайтыс болған кезде университеттегі жұмыс өтілі кезінде біржолғы сыйақы:

- 1 жастан 5 жасқа дейін – 10 АЕК;
- 5 жылдан 10 жылға дейін – 20 АЕК;
- 10 жылдан жоғары-100 АЕК;

- Қызметкер қайтыс болған жағдайда туыстарына лауазымдық жалақысының 100% - на дейінгі мөлшерде біржолғы жәрдемақы төленсін.

6.9. Жұмыс беруші Қызметкердің жеке өтініші және растайтын құжаттар негізінде тиісті қаржы қаражаты болған жағдайда материалдық көмек көрсете алады.

6.10. Кәсіподақ комитеті мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуге және Қызметкерлерге материалдық көмек көрсету, Қызметкерлерді сауықтыруға кәсіподақ үйымының тиісті құнтызбелік жылға арналған сметасында белгіленген сома шегінде ақшалай қаражат бөледі:

- қызметкер 50 (елу), 55 (елу бес) жасқа толған кезде – әйелдер, 60 (алпыс), 65 (алпыс бес), 70 (жетпіс), 75 (жетпіс бес), 80 (сексен), 85 (сексен бес) жасқа толған кезде-әйелдер мен ерлерге, университетте жұмыс істеген кездегі біржолғы сыйақы мынадай мөлшерде:

- 1 жылдан 5 жылға дейін – 10 мың теңге;
- 5 жылдан 10 жылға дейін – 15 мың теңге;
- 10 жылдан астам-20 мың теңге;
- қызметкердің отбасы мүшелері (ата-аналар, ерлі-зайыптылар, балалар) қайтыс болған жағдайда университеттегі жұмыс өтіліне қарай біржолғы жәрдемақы мынадай мөлшерде:

  - 1 жылдан 5 жылға дейін – 20 мың теңге;
  - 5 жылдан 10 жылға дейін – 25 мың теңге;
  - 10 жылдан астам-30 мың теңге;
  - қызметкер қайтыс болған жағдайда туыстарына 30 мың теңге мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төлесін;

- университетте жұмыс істеген кезде 2 жылда бір рет Қазақстан Республикасының шегінде санаторий-курорттық өмделуге жолдамалардың құнын мынадай мөлшерде өтеу (жолдаманың ең жоғары құнын есепке алғанда 50 АЕК-тен артық емес) :

  - 1 жылдан 5 жылға дейін – 30 %;
  - 5 жылдан 10 жылға дейін – 40 %;
  - 10 жылдан астам - 50%.
  - 1-2 топ мүгедектеріне (мүгедектігі туралы растайтын құжаттар болған кезде), күрделі аурулары бар қызметкерлерге (кәсіподақ мүшесінің атына медициналық эпикриз - үзінді болған жағдайда және растайтын чектер болған кезде үзінді берілгеннен кейін 15 күн ішінде) дәрілік препараттарды сатып алу құнын 25 мың теңгеге дейін өтеу;
  - ерекше жағдайларда, кәсіподақ комитетінің бюджетінде тиісті қаржы қаражаты болған жағдайда, қызметкердің жеке өтініші және растайтын құжаттар негізінде материалдық көмек (20 АЕК-тен аспайды).